



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### Құрметті әріптестер!

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (әрі қарай - ҚАТУ) **«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ-12: ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАСТАР – БОЛАШАҚТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ»** атты Республикалық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция – қалыптасқан дәстүр бойынша студенттер, магистранттар, докторанттар мен ғылыми зерттеушілердің жұмыстарын таныстыру және талқылауға арналған пікірлесу алаңы болып табылады. Секциялардың мақсаты ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша конструктивті пікір алмасу, жас ғалымдардың өзіндік ғылыми зерттеу нәтижелерін, инновацияларға жаңа көзқарасты көрсетумен түйістіріліп, жастар арасында интеллектуалды дағдыларды дамыту мен ғылымды танытуға арналған.

Конференцияға ғылыми зерттеулермен айналысатын ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер шақырылады.

Негізгі күндер:

- тезистерді қабылдаудың соңғы күні – **2016 жылдың 28 наурызы**
- конференция өткізілетін күні – **2016 жылдың 22 сәуірі**

Конференция келесі секциялар бойынша өткізіледі:

- 1) Егіншаруашылық және өсімдік шаруашылығындағы инновациялық технологиялар;
- 2) Ветеринария және мал шаруашылығының заманауи мәселелері;
- 3) Азық-түлік өнімдерінің өндірісі, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мен сақтаудың инновациялық технологиялары;
- 4) Ауыл шаруашылығы машина жасау, көлік және логистиканың өзекті мәселелері;
- 5) Қазақстанның аграрлық секторының экономикалық мәселелері;
- 6) Жерге орналастырудың, кадастр, бағалау және геокеңістік технологияларының өзекті сұрақтары;
- 7) Экология мен табиғатты тиімді пайдаланудың заманауи мәселелері;
- 8) Энергетика және энерготімді технологиялар – «жасыл» экономиканы дамытудағы үлесі;
- 9) Заманауи гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері;
- 10) Қазақстан Республикасындағы сәулет өнері, қала құрылысы және дизайнның даму үрдістері;
- 11) Ақпараттық-коммуникациялық технологиядағы өзекті мәселелер;
- 12) Қазіргі замандағы жаратылыстану және математика ғылымдары;
- 13) Білім алушы жастардың білім алуындағы психологиялық-педагогикалық мәселелер;
- 14) ЭКСПО-2017-ні Қазақстан зияткерлік жастарының қолдауы

Конференция ғылыми жұмыстарының тілі: **мемлекеттік, орыс, ағылшын**

Конференцияның өткізілетін орны: **Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62, ҚАТУ бас ғимараты**

Конференцияға қатысушылардың шығыны өз тарапынан жүргізіледі.

Баяндама тезистері мен өтініштерді (1,2 қосымшаларға сәйкес) **Ұйымдастыру комитетінің** мекен жайына жолдау қажет: 010011, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Ғылым және инновациялық қызметі департаменті, 1305 бөлме. Анықтама телефондары: **+7 (7172) 395-548, 310-245**, e-mail: **kazatu\_nich@mail.ru**.

### Тезистерді дайындау талаптары:

- Бір автордың атынан екі мақаладан артық емес, басылымға бұрын жарық көрмеген тезистер қабылданады.

- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі міндетті түрде болуы тиіс

- Әдебиеттер тізімінде кем дегенде Web of Science ақпараттық базасына (Thomson Reuters баспасы) кіретін бір көздің болуы шарт.

- Тезис (мақала) мәтіні әдебиеттер тізімімен қосқанда А4 форматта (кітапты ориентация) 4 беттен аспайтын, MS WORD (2003, 2007) редакторында терілген, TimesNewRoman, KZTimesNewRoman (12pt), 1,0 интервал арқылы: жоғарғы - 2 см, теменгі көлемі - 2 см, сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см., түрде тапсырылуы тиіс.

- Бірінші жолда - ортасынан баяндама тақырыбы бас әріптермен (қою шрифтпен), бір интервалдан темен - парақтың оң жағында автор (лар) -дың тегі, аты-жөні, лауазымы мен ғылыми атағы (курсив арқылы), бір интервалдан кейін қала және ұйым атауы немесе оқу орнының атауы (курсив арқылы), негізгі мәтін екі интервалдан кейін жаңа жолдан басталады.

- Әдебиеттер тізімі мәтін соңында тізімдегі әдебиеттерді тезисте колдану ретімен койылып, мәтіндегі сілтемелер төртбұрышты жақшалар арқылы рәсімделеді.

Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына сәйкес келмейтін, жоғарыда көрсетілген ережелерге лайық емес материалдарды немесе 2016 жылғы 28 наурыздан кейін келген мақалаларды қабылдамауға құқылы.

Ұйымдастыру және баспа шығынын өтеу үшін тезис авторларына тіркеу жарнасы:

- 1) университеттің докторанттары, магистранттары, студенттеріне және мектеп оқушыларына жеке авторлықта тегін, ғылыми жетекшімен бірлесе – 1 000 теңге;

- 2) ҚАТУ-нің ПОҚ үшін – 1 000 теңге;

- 3) сыртқы ЖОО-ның докторлары, магистранттары, студенттеріне – 2 000 теңге;

- 4) басқа ұйымдар үшін – 2 000 теңге.

Жарна «Сейфуллин оқулары - 12 конференциясына» деген белгімен келесі реквизиттерге аударылады:

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ

010000, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62


РНН: 620 300 249 590

БИН: 070 740 004 377

Банк: АРФ АО №119900 «Народный сберегательный Банк Казахстана»

ИИК: KZ446010111000037373

БИК: HSBKKZKX Код 16



**СІЗДІ «СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ-12» КОНФЕРЕНЦИЯ  
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҚАТАРЫНАН  
КӨРУГЕ ҚУАНЫШТЫ БОЛАМЫЗ!**

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

**«СЕЙФУЛЛИН ОКУЛАРЫ - 12» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясына қатысудың өтініш ҮЛГІСІ**

1.	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
2.	Ғылыми дәрежесі, атағы	
3.	Ұйым атауы	
	Лауазымы	
4.	Байланыс ақпараттары: адрес	
	Телефон	+7 7...
	e-mail	
5.	Секция атаулары	
6.	Баяндаманың толық атауы	
7.	Төлем туралы түбіртек (қоса ұсынылады)	
8.	Қолы	
	Толтыру уақыты	

## Тезисті рәсімдеу үлгісі

### ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ЖУЫҚТАП ШЕШУДІҢ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

*Ахметов Мади, 1-курс студенті*  
*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.*

.....  
.....  
.....

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.
- 2.
- 3.